



Электр энергетикасы

Энергетиканың басты құрастырушысы, оның басты міндеті — электр энергиясының тұтынушыларын электрлік энергиямен жабдықтау үшін электр энергиясын тиімді жолмен өндіру, тарату және үлестіру. Бұл сала кез келген елдің әлеуметтік және экономикалық дамуының маңызды бөлігі





Электр энергиясының энергияның басқа тасымалдаушыларынан көрі бірқатар ерекшеліктері бар:

- үлкен қашықтыққа тарату,**
- тұтынушылар арасында үлестіру,**
- энергияның басқа түрлеріне (механикалық, жылулық, химиялық, жарықтық және басқа да...) түрлендірудің салыстырмалы жеңілдігі.**



Электрлік энергияның
маңызды өзгешілігі — оны бір
уақытта өндіріп, сол уақытта
тұтынуға болаты.

Жалпы электр энергиясын
өндіруде еліміздің
электрстансыларының бөлінуі:

- 1) жылу электрстансысы (жэс);
- 2) 2) су электрстансысы (сэс);
- 3) 3) атом электрстансысы(Аэс)

ЖЫЛУ ЭЛЕКТР станциясы

Тұтынушыларға бір мезгілде электр энергиясы мен жылуды бу және ыстық су түрінде бірге өндіріп беретін электр стансасы. ЖЭО беретін жылу қызған бу немесе ыстық су түрінде таратылады.

Қазақстанның ірі өндіріс орындары мен елді мекендерінің көпшілігі ЖЭО жылуымен қамтамасыз етіледі. Олардың ішіндегі ірілері

- Алматы ЖЭО (қуаты 510 МВт),
- Атырау ЖЭО (215 МВт),
- Астана ЖЭО (240 МВт),
- Қарағанды ЖЭО (435 МВт),



Қазақстандағы ЖЭО-лар сағатына шамамен 45000 т-дан көп бу өндіре алады, олардың жалпы қуаты 5694 МВт-қа жетіп отыр.






Су электр станциясы


Электр генераторын
айналдыратын гидравликалық
турбинамен су ағынының механикалық
энергиясын электр энергиясына
түрлендіретін электр станциясы. Соңғы
жылдары кешенді мақсатта
пайдаланылатын бірнеше ірі су-
энергетикалық тораптар іске қосылды:
Ертіс өзенінде өскемен сәс-і (қуаты 331,2
мың кВт) және бұқтырма СЭС-і (қуаты 675
мың кВт), Іле өзенінде қапшағай СЭС-і
(қуаты 434 мың кВт) және т.б.
Қазақстандағы ірі СЭС-тердің барлығы
энергия жүйесі құрамындағы жылу
станцияларымен үйлестіріле
пайдаланылады. Сондықтан СЭС салу
өзеннің ағын суын су көлігі, ирригация
және сумен қамтамасыз ету және т.б.
мақсаттарда кешенді пайдалануға
мүмкіндік береді



Атомная электростанция



АЭС - атом электр станциясы, атом энергиясын электр энергиясына айналдырады. Әлемде қазіргі кезде өндірісте ядро электр энергиясын пайдалану бойынша АҚШ (836,63 млрд кВт·сағ/жыл), Франция (439,73 млрд кВт· сағ/жыл), Жапония (263,83 млрд кВт· сағ/жыл), Россия (160,04 млрд кВт· сағ/жыл), Корея (142,94млрд кВт· сағ/жыл) және Германия (140,53 млрд кВт· сағ/жыл).



Қазіргі кезде әлемде энергия тапшылығы байқалуда. Бұрыннан пайдаланып келе жатқан көмір, мұнай, табиғи газ сынды энергия көздерінің сарқылуы немесе қорының азаюы, қоршаған ортаға тигізеді Бүкіл әлем Энергия тапшылығынан құтылып, қоршаған ортаны ластамайтын альтернативті энергия көздеріне қол жеткізуге кірісіп кетті.



Назарларыңызға
рақмет!